

Ата аналар жинаалысы

Баланың балабақшага бейімделуі

Мақсаты: Бала тәрбиесіндегі балабақша мен отбасының ынтымақтастырылған нығайту; балалардың мінез құлқы, бейімі, қызығушылығы, мүмкіндігіт.б. тереңірек зерттеу; ата ана, бала тәрбиеші үштігі арасында өзара сенім мен сыйластық орнауына ықпал ету; бала тәрбиесіндегі ата аданың орнын ерекше екендігін түсіндіру, қайырымдылық, достық қарым қатынасты қалыптастыру.

Жоспар

1. Кіріспе сөз
2. Балабақшаның күн тәртібі, оқу бағдарламасы, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі
3. Баланың балабақшага бейімделуі (баяндама)
4. Ата ана мен балаға байланысты ситуация шешу
5. Сұрақ жауап алmasу
6. Корытынды

Сәлеметсіздер ме, құрметті ата-аналар! "Жапырақ тамырдан нәр алады" дейді халқымыз ендеше құрметті ата – аналар бүгінгі жинаалысымызға қош келдіңіздер! Біздің мақсатымыз - балаларыңызben қарым - қатынастарыңызды бұрынғыдан да жақсартып, бала тәрбиесіне көп көңіл белудің маңыздылығын дәлелдеу.

Балабақшадағы күн тәртібі, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі, ас мәзірі, топты безендіру, балабақшадағы ертеңгіліктер, ақылы қызметтер, кітаптар, дene шынықтыру формасына папка, портфолие.

Балабақшаның ұйымдастырылған оқу қызметтері КР БФМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №449 бүйрығына сәйкес «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» бойынша ұйымдастырылады.

Баяндама

Балалар балабақшага келер алдында отбасында тәрбиеленеді. Отбасы деген не? Отбасы адам баласының алтын діңгегі. Өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады. Бала әке мен аданың перзенті, үрпагы, коз нұры, көңіл куанышы. Өмірдегі мақсаттың да, міндеттің де ең үлкені ол ертеңгі күнге өнегелі,

парасатты ұрпақ қалдыру. Қазіргі заманда ата әжелер немерелеріне ертегі, жыр айтып бермейді, ал әкелер мен аналар бірыңғай тұрмыс жағдайға, ақша табуга назар аударады. Бала тәрбиесін балабақша мектепке жүктеп қойған. Мектепке дейін тәрбиенің міндеті баланы жан жақты тәрбиелеу, дамыту болса да, «Алты аға бірігіп әке болмас, жеті женге бірігіп ана болмас», дегендегі ата аナンЫң орны бөлек. Ол орынды ешкім баса алмайды. Балабақша баланың отбасында алған тәрбиесін толықтырады, бағыт беріп тұрады. Балабақша отбасымен бірлесіп болашақ ұрпақ тәрбиелейді. КР Конституциясының 27 бабында былай деп жазылған: «Балаларына қамқорлық жасау және тәрбиелеу ата аナンЫҢ табиғи құқығы, әрі парызы»

Бала тәрбиесі күрделі құбылыс. Баланы жан-жақты жетілген, ой - өрісі биік азamat етіп тәрбиелеу қоғамымыздың ең өзекті мәселесі. Отбасы баланың бесігін тербеткен ұясы болса, бала «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі. Ата-анаға баладан жақын ешкім жоқ, сондықтан Ата-ана баласының әдепті, білімді болып өсуін армандаиды. Бүгінгі ұл - ертеңгі әке, ол әкеге қарап өседі. Бүгінгі қызы - ертеңгі ана, ол анаға қарап өседі, бойын түзейді. демеуші ата-ана. Ұстаз - окушысын жақсы білсе, Ата-ана баласын одан екі есе жақсы білуге міндетті.

Бала әрдайым ата-аナンНЫң аялы алақанын қажетсініп тұрады. Қындықтар туған сэтте ата-анасының тараپынан қолдау тауып, үлкен сенім артқысы келеді.

Әрине, әр Ата-ана баласына деген сезімін түрліше жеткізеді. Қандай жағдай болмасын, Баланың өзіне деген сенім тудырып, қолдан отыру керек. Бала бір істен қателескен жағдайда оған шыдамдылық көрсету керек. Мұндай сэтте өзге отбасыларымен салыстыруға әуестенбеу керек. Рас, кейде өзге біреудің балалары бойындағы қабілеті айрықша сияқты көрінеді. Бірақ, ол басқа бала. Сондықтан әр баланың өзінің жеке басының ерекшелігін, ешкімге ұқсамайтын кейір қасиеттерін сезіну керек. Кейде бала бір сәтсіздіктерге ұрынады. Ата-ана қатты уайымдал, баланың еш нәрсеге икемі жоқ, қабілетсіз деген асығыс қорытындыға келеді. Осыдан баланың өзіне деген сенімі күрт жойылады, қолын қусырып, кездескен қыншылықтарды жоюға дәрменсіз болады. Мұндай жағдайда Ата-ана баласының жай ғана талпынысының өзін қолдан түсіне білуі керек. Ең бастысы, бала біздің оны қалай бағалайтынымызды және одан не қүтетінімізді сезінуі және түсінуі тиіс. Ендеше, алдағы слайдқа назар аударуларынызды сұраймын.

СЛАЙД (бейімделу)

**Енді ата-аналар сіздерге мынандай жағдаяттар беремін.
Жағдаяттар беру.**

1 - топқа берілетін жағдаят:

Бір нәрсеге ашулы 3 жасар ұлыңыз балабақшадан келе сала: «балабақшага бармаймын, ол жерде мен үйиқтамаймын!» деп күйіп піседі. Сіздің іс-әрекетіңіз?

2 - топқа берілетін жағдаят:

Бір қыз бала балабақшага келе жатып, тобына жақындағанда, жерге отырып бақырып «Қалмаймын!» - деп жылайды. Сіздің іс-әрекетіңіз?

Екі топқа берілген жағдаяттар бойынша ата-аналар жұмыс жасайды.

КЕҢЕС:

3 жастағы балалар үшін балабақшага бейімделу күрделі құбылыс. Бейімделу барысында баланың әмоциялық жағдайы көп өзгеріске түседі.

Сондықтан ата аналар сіздерге кеңес ұсынамын:

- Балаңызben үйдегі жағдайда топтың күн тәртібімен бірдей етіп үйымдастыруға тырысыңыз
- балабақшаның тамақтану ас мәзірімен танысып, баланың үйдегі тамақтануына, балабақшада ішетін тамақтар түрін қосыңыз
- Үйдегі жағдайда баланың өзіне өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сұрту, шешіну, киіну, өз бетімен тамақтану, тамак ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы керек (белбеусіз, замоксыз)
- Баланы ауладагы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесіне қонуга қалсын. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.

Егер сіздің балаңыз көпшіл, өз жақындарынызben бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса, балабақшага келген күннен бастап ак үйреніп кететініне сеніңіз.

Кез келген шешімді қабылдауга асығыстық жасауга болмайды. Балаңыз сіздің оның ісіне немкүрайды қарамайтыңызды көретіндей, оны тыңдауга дайын екендігінізді байқайтындаі болсын. Осындай жағдайлардың болдырмау себептерінің бірі.

Ата-ана балабақшамен байланыс жасамайды, қыншылықтарды жоюға дәрменсіз болады. Сондықтан да ата-аналар балабақшамен байланыста болу керек.

Балабақшага жаңы ашып, балаларының жағдайын біліп, іс-шараларға белсенді қатысатын ата-аналар да баршылық.

Бала дегеніміз болашақ. Балаларымызды қалай тәрбиелесек, болашағымыз солай болмақ. Келешекте балаларымызды білімді, мәдениетті, тәрбиелі де әдепті, кішіпейіл де қарапайым етіп тәрбиелеу өз қолымызда. Сондықтан құрметті ата аналар егерде біз әрқашанда осындай ынтымак бірлігінде жұмыс істесек, сонда ғана ойдағыдан нәтижелерге жетеміз.



